

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 қыркүйектегі № 228 "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы аумағындағы азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 316 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда № 5091 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 20 наурызыдағы № 65 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 20.03.2019 № 65 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18 - бабы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 - бабы 2-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 қыркүйектегі № 228 "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы аумағындағы азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4334 тіркелген, 2017 жылғы 13 қазанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі электрондық құжат және елтаңбалы мөрмен расталған қағаз тасығыш нысанындағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін электрондық түрде жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданының әкімі

M.Әбішев

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының хатшысы

А.Бектасова

2018 жылғы "___" _____

2018 жылғы "12" желтоқсандағы № 316
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
әкімдігінің қаулысына қосымша

2018 жылғы "25" қыркүйектегі № 228
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
әкімдігінің қаулысына қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы аумағындағы азаматтық
қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін
денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет,
спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорны аудандық аурухананың, аудандық емхананың, медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорны басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорны дәріханасының (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) менгерушісі;

4) біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - барлық мамандықтағы дәрігерлер;

5) біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - мейіргер, провизор (фармацевт);

6) біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс техникі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), рентген зертханашысы, фармацевт, диеталық мейіргер;

7) біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар - медициналық тіркеуші;

8) біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - психолог маман;

9) біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - әлеуметтік қызметкер;

10) біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар – биохимик.

2. Әлеуметтік қамтамасыз ету мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

2) аудандық маңызы бар үйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі;

3) мемлекеттік мекеменің біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ маманы - әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

4) мемлекеттік мекеменің біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ маманы - арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

5) мемлекеттік мекеменің біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ маманы-жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

6) ассистент.

3. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы (шағын жиынтықты мектеп, мектепке дейінгі ұйымнан, әдістемелік, психологиялық-әдістемелік-педагогикалық консультация кабинеттерінен басқа);

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (шағын жинақталған мектептен басқа) басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының - шағын жинақталған мектептің, мектепке дейінгі білім беру үйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық), психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация кабинеттерінің басшысы;

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының - шағын жинақты мектеп басшысының орынбасары;

5) біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру үйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-дифектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), мұғалім-логопед, бастапқы әскери даярлықты үйымдастыруши оқытушы;

6) біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - аккомпаниатор (сүйемелдеуші) (негізгі қызметтердің), тәлімгер, тәрбиелеуші, тәрбиелеуші-ана, әдіскер (негізгі қызметтердің), деңе тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтердің), музикалық жетекші (негізгі қызметтердің), қосымша білім беретін педагог, үйымдастыруши педагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, зертханашы, логопед, психолог;

7) біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі санаты жоқ мамандар - хореограф (негізгі қызметтердің), жаттықтыруши-оқытушы;

8) біліктілігі орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру үйымдарының барлық мамандық мұғалімдері, аккомпаниатор (сүйемелдеуші) (негізгі қызметтердің), бастапқы әскери даярлықты үйымдастыруши оқытушы, тәлімгер, тәрбиелеуші, тәрбиелеуші-ана, әдіскер (негізгі қызметтердің), деңе шынықтыру жетекшісі (негізгі қызметтердің), музикалық жетекші (негізгі қызметтердің), қосымша білім беретін педагог, үйымдастыруши педагог, зертханашы;

9) біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - барлық мамандықты дәрігерлер;

10) біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - мейірбике (мейіргер);

11) біліктілігі орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ мамандар - емдемдік мейірбике;

12) кітапхананың, лагердің, интернаттың басшысы (менгерушісі);

13) біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі мамандар - кітапханашы, музыкатанушы, барлық мамандықтар инженері, аккомпаниатор, музыкатанушы, хореограф;

14) біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар – көркемдік жетекші;

15) тәрбиешінің көмекшісі.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы;

2) ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әдістемелік кабинет, кітапхана менгерушісі (басшысы);

4) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандары - аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, мәдени ұйымдастыруышы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), музикалық жетекші , режиссер,барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);

5) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандары - аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, мәдени ұйымдастыруышы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), музикалық жетекші, редактор (негізгі қызметтер) , режиссер, хореограф, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);

6) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандары - дыбыс операторы.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы;

2) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорны басшысының орынбасары;

3) біліктіліктегі жоғары және орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар - жаттықтыруушы— оқытушы.

6. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ветеринариялық станция басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының орынбасары;

3) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бірінші, екінші санаттағы, санатсыз біліктілік деңгейі жоғары мамандары - ветеринариялық дәрігер, зертхананың ветеринариялық дәрігері;

4) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының санатсыз біліктілік деңгейі жоғары, орташа мамандары - зертханашы;

5) бірінші, екінші санаттағы, санатсыз біліктілік деңгейі орташа мамандар - ветеринариялық фельдшер, жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник, асыл тұқымды іс жөніндегі техник.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК